



БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

Алматы қ.

17 ақпан 2025 жыл

KASE 2024 жылға Биржа мүшелерін, листингілік компанияларды және БАҚ-тарды марапаттады

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа, KASE) 2025 жылдың 14 ақпанында Биржа нарықтарында үздік нәтижелерге қол жеткізген Биржа мүшелерін, листингілік компанияларды – ашықтыққа ұмтылғаны үшін, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ) өкілдерін – 2024 жылдың қорытындысы бойынша қор нарығын белсенді жариялағаны үшін 23-ші марапаттау рәсімін өткізді.

KASE мүшелері

Биржа мүшелері арасында "Акциялар нарығындағы жылдың үздік андеррайтері" номинациясы бойынша "Эйр Астана" АҚ-ның жай акцияларының жария ұсынысын (IPO) өткізу кезінде бірлескен үйлестірушілер мен букраннерлер – "Halyk Finance" АҚ, "SkyBridge Invest" АҚ, "BCC Invest" АҚ, "Jusan Invest" АҚ марапатталды.

"Эйр Астана" АҚ IPO бір мезгілде үш алаңда өтті: Қазақстандық қор биржасы, LSE және AIX, оның шеңберінде компания 370 миллион АҚШ долларын тартты, бұл ретте 58 % жергілікті нарыққа тартылды. "Эйр Астана" АҚ жай акцияларының IPO шеңберінде KASE алаңында 49,2 млрд теңге немесе жай акцияларды орналастырудың жалпы көлемінің 76 % тартылды.

"Корпоративтік облигациялар нарығындағы жылдың үздік андеррайтері" номинациясы бойынша KASE-де бағалы қағаздарды табысты орналастыру саны және тартылған қаржыландыру көлемі бойынша көшбасшы болып табылатын "Halyk Finance" АҚ және "Jusan Invest" АҚ жеңімпаз атанды.

"Халықаралық қаржы ұйымдарының облигациялар нарығындағы жылдың үздік андеррайтері" номинациясында "Jusan Invest" АҚ және "Tengri Partners Investment Banking (Kazakhstan)" АҚ жеңіске жетті. 2024 жыл ішінде аталған секторда көлемі 219,3 млрд теңгеге халықаралық қаржы ұйымдарының облигациялары орналастырылды.

"Нарық көшбасшысы" номинациясында марапаттар ең жоғары сауда-саттық белсенділігін көрсеткен Биржа мүшелеріне беріледі. Бағалау кезінде жасалған мәмілелердің жалпы көлемі мен санын, сондай-ақ белсенді қосалқы сауда-саттық шоттарының және омнибус-шоттардың санын қоса алғанда, негізгі көрсеткіштер ескеріледі.

"Акциялар нарығының көшбасшысы" номинациясы бойынша марапаттар акциялар нарығындағы сауда-саттық белсенділігінің ең жоғары коэффициенттерін көрсеткен Биржа мүшелеріне берілді. Жеңімпаз ретінде "Фридом Финанс" АҚ, "Қазақстан Халық банкі" АҚ, "Halyk Finance" АҚ және "Jusan Invest" АҚ танылды.

"Корпоративтік облигациялар нарығының көшбасшысы" номинациясында "Фридом Финанс" АҚ, Freedom Finance Global PLC және "Jusan Invest" АҚ марапаттарға ие болды. Бұл номинацияда корпоративтік борыштық капитал нарығындағы мәмілелердің ең көп көлемі мен саны бар қатысушылар атап өтіледі.

"Мемлекеттік бағалы қағаздар нарығының көшбасшысы" номинациясында Freedom Finance Global PLC, "Фридом Финанс" АҚ және "ForteBank" АҚ марапатталды, олар мемлекеттік бағалы қағаздармен операцияларда ерекше нәтижелер көрсетті.

"Шетел валюталары нарығының көшбасшысы" номинациясында "Ситибанк Қазақстан" АҚ, "Қазақстан Халық Банкі" АҚ, "Банк ЦентрКредит" АҚ жеңіске жетті. Осы номинациядағы марапаттар валюта нарығындағы белсенді сауда-саттық үшін беріледі.

"Жылдың үздік маркет-мейкері" номинациясында марапаттар маркет-мейкердің міндеттерін ең үздік орындағанын көрсеткен және биржалық нарықтың өтімділігін арттыруға елеулі үлес қосқан Биржа мүшелеріне беріледі.

"Акциялар нарығындағы жылдың үздік маркет-мейкері" номинациясы бойынша "Фридом Финанс" АҚ, "Halyk Finance" АҚ, "BCC Invest" АҚ жеңімпаз атанды.

"Корпоративтік облигациялар нарығындағы жылдың үздік маркет-мейкері" номинациясында "BCC Invest" АҚ, "Фридом Финанс" АҚ және "Halyk Finance" АҚ марапаттарға ие болды.

"Мемлекеттік бағалы қағаздар нарығындағы жылдың үздік маркет-мейкері" номинациясында "Фридом Финанс" АҚ, "Қазақстан Халық банкі" АҚ және "Банк ЦентрКредит" АҚ марапатталды.

"KASE Global секторындағы Жылдың үздік маркет-мейкері" номинациясының жеңімпазы "Фридом Финанс" АҚ болды.

"Үздік қаржы кеңесшісі" номинациясының жеңімпаздары "Teniz Capital Investment Banking" АҚ, "Halyk Finance" АҚ және "Фридом Финанс" АҚ болды. Олар бағалы қағаздарды сәтті орналастыруға ықпал еткен эмитенттерге арналған листингтік рәсімдермен бірге кәсіби шеберлік пен сараптаманың жоғары деңгейін көрсетті.

"Қытай юанінің биржалық нарығын дамытуға қосқан үлесі үшін" сыйлығын "Қазақстандағы Қытай Банкі" Еншілес банкі" АҚ алды. Бұл сыйлық қытайлық юаньмен биржалық сауда-саттықты дамытуға және танымал етуге елеулі үлес қосқан нарық қатысушыларына беріледі.

"Шетел валюталары нарығын дамытуға брокерлік ұйымдардың қосқан үлесі үшін" номинациясында "Tansar Capital" АҚ, "Teniz Capital Investment Banking" АҚ және "Standard инвестициялық компаниясы" АҚ жеңімпаз атанды. Бұл брокерлік ұйымдар шетел валюталарының биржалық нарығын дамытуға елеулі үлес қосты. Бүгінгі күні шетел валюталарымен сауда-саттыққа қатысатын 15 брокерлік ұйым "валюталық" санаты бойынша Биржаның мүшелері болып табылады.

"Инвесторларды тартуға қосқан үлесі үшін" марапаттары "Қазақстан Халық Банкі" АҚ, "Jusan Invest" АҚ және "Банк ЦентрКредит" АҚ берілді. Осы Биржа мүшелері Бөлшек инвестициялауды дамытуға, жеке инвесторлардың мүмкіндіктерін кеңейтуге және олардың Қазақстанның қор нарығына тартылуын арттыруға елеулі үлес қосты.

"Биржалық бастамаларды дамытуға қосқан үлесі үшін" номинациясында NGDEM Finance және "SQIF Capital" АҚ жеңімпаз атанды, олар туынды құралдар нарығын дамытуда бастама көтерді, сондай-ақ қор нарығының инфрақұрылымын жаңғыртуға үлес қосты.

"Цифрлық теңгемен есептелген облигациялардың бірінші шығарылымын ұйымдастырғаны үшін" номинациясында цифрлық теңгемен есептелген алғашқы облигацияларды шығару және листинг бойынша эмитентке консультациялық қызметтер көрсеткен "SkyBridge Invest" АҚ жеңіске жетті.

2024 жылы Биржа өткізетін KASE Fest-ке, оқыту вебинарлары мен дөңгелек үстелдерге белсенді қатысқан "Standard" инвестициялық компаниясы" АҚ және KASE бөлшек инвесторлар конкурсына бөлшек клиенттерді тартуға белсенді қатысқан "Қазпошта" АҚ "Халықтың қаржылық сауаттылығын арттыруға қосқан зор үлесі үшін" номинациясында жеңімпаз атанды.

KASE листингілік компаниялары

"Табысты әріптестіктің 20 жылы үшін" наградасы Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне оның мемлекеттік бағалы қағаздар нарығын дамытудағы және мемлекеттік бағдарламаларды тиімді қаржыландыруды қамтамасыз етудегі негізгі рөлін мойындау үшін берілді.

1994 жылдың 04 сәуірінде Қаржы министрлігінің үш айлық мемлекеттік қазынашылық вексельдерінің (МҚВ) алғашқы аукционы өтті. 1994 жылы МҚВ сату көлемі 367 млн теңгені құрады, ал 2024 жылы Қаржы министрлігінің мемлекеттік қазынашылық міндеттемелерді бастапқы орналастыру көлемі 5,6 трлн теңгеге жетті.

20 жыл бойы Қаржы министрлігі инвесторлар үшін ашық, өтімді және бәсекеге қабілетті ортаны қалыптастыру үшін бенчмарк бола отырып, биржалық механизмдер арқылы ресурстарды тарту стратегиясын сәтті жүзеге асырды.

"Эмиссиялық белсенділігі үшін" номинациясы бойынша "Қазақстандық орнықтылық қоры" АҚ, "Бәйтерек" Ұлттық басқарушы холдингі" АҚ, "Интергаз Орталық Азия" АҚ, "Mogo Kazakhstan" МҚҰ ЖШС, "GoldFinMarket" Ломбарды және "Онлайн ҚазҚаржы МҚҰ" АҚ (Solva) жеңімпаз атанды. Бұл номинацияда жоғары эмиссиялық белсенділік көрсеткен және 2024 жыл ішінде өз облигацияларының ең көп шығарылымын листингтен өткізген листингілік компаниялар атап өтіледі. Бұл компаниялар қор нарығына белсенді қатысудың мысалын көрсетеді және оның өсуі мен дамуына ықпал етеді.

"ESG облигациялары нарығының көшбасшысы" номинациясы бойынша "Бәйтерек" Ұлттық басқарушы холдингі" АҚ, "Қазақстан Халық Банкі" АҚ, "Отбасы банк" АҚ, "A-cars" ЖШС және "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ жеңімпаз атанды. Бұл номинацияда 2024 жылы сәтті

орналастырылған ESG облигацияларын шығарған листингтік компаниялар марапатталады. 2024 жылы KASE-ге ESG-облигациялардың рекордтық саны – 549 млрд теңге көлеміндегі 10 шығарылым енгізілді, бұл жасыл, әлеуметтік жобалар мен тұрақты даму жобаларын қаржыландыруға ықпал етеді

"ESG облигацияларын верификациялауды қолдағаны үшін" номинациясының жеңімпазы Green Investment Group компаниясы болды. ESG облигацияларын тексеру инвесторларға қаражатты экологиялық, әлеуметтік және корпоративтік жауапкершілік қағидаттарына сәйкес келетін жобаларға сенімді түрде бағыттауға мүмкіндік беретін ашық және сенімді инвестициялық ахуалды қалыптастыруда шешуші рөл атқарады.

"Цифрлық теңгемен есептелген облигациялардың бірінші эмитенті" номинациясында "Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы марапатқа ие болды, олар жаңа технологиялар мен қаржыландыру форматтарын пайдалануда ізашар болды.

Экономиканың қаржы секторындағы компаниялар арасында "Ашықтыққа ұмтылғаны үшін" номинациясында "Қазақстан Халық Банкі" АҚ және "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ, ал экономиканың қаржылық емес секторындағы компаниялар арасында – "ҚазТрансОйл" АҚ, "ҚазМұнайГаз" Ұлттық компаниясы" АҚ, "Кселл" АҚ және "KEGOC" АҚ марапаттарға ие болды. Осы номинациядағы марапат өзі және өз қызметі туралы ақпаратты ашу шеңберіндегі ашықтығы мен бастамашылығы үшін беріледі.

Осы номинацияны бағалау кезінде есепті кезеңде бұзушылықтардың болмауын ескере отырып, Биржаның заңнамасы мен ережелеріне сәйкес талап етілетін қосымша ақпараттан басқа, Пресс-релиздер және түрлі хабарламалар түріндегі ақпаратты ашу назарға алынады. Маңызды критерий, оның ішінде жылдық есептің ақпараттылығы, сондай-ақ листингтік компанияның акционерлер мен инвесторларға листингтік компанияның қызметі туралы қосымша ақпарат алуға мүмкіндік беретін "Эмитент күні" сияқты іс-шараларды өткізуі болып табылады.

Жылдық есептер байқауы

Жылдық есептер конкурсы шеңберінде биржа жиынтығында 150-ге жуық түрлі критерийлерді құрайтын сандық және сапалық сипаттамаларды бағалауды ескеретін жылдық есептерді бағалау тәртібін жеке әзірледі. Шарттарға сәйкес жылдық есепте және өтініш берушінің тұрақты дамуы туралы есепте қамтылған ақпаратты бағалауды және балл беруді сараптама комиссиясы жүзеге асырады. Сараптама комиссиясының құрамына корпоративтік басқару және ESG ашу саласындағы сарапшылар кіреді.

Бұл конкурсқа 26 ұйым, оның ішінде қаржы және қаржылық емес ұйымдар, сондай-ақ бағалы қағаздары Биржаның ресми тізіміне енгізілмеген компаниялар қатысты.

"Қаржы секторындағы 2023 жылдың үздік жылдық есебі" номинациясы бойынша марапаттарға ие болды:

- лауреат ретінде – "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ;
- жүлдегерлер ретінде – "Отбасы банкі" АҚ және "Қазақстан Халық банкі" АҚ.

"Қаржы емес сектордағы 2023 жылдың үздік жылдық есебі" номинациясы бойынша марапаттарға ие болды:

- лауреат ретінде – "Самұрық Энерго" АҚ;
- жүлдегерлер ретінде - "ҚазТрансОйл" АҚ және "ҚазМұнайГаз" Ұлттық компаниясы" АҚ.

"Қаржы секторындағы 2023 жылғы орнықты даму туралы үздік есеп" номинациясы бойынша марапатталды:

- лауреат ретінде – "Банк ЦентрКредит" АҚ;
- жүлдегерлер ретінде – "Қазақстан Халық банкі" АҚ және "Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры" АҚ.

"Қаржы емес сектордағы 2023 жылғы орнықты даму туралы үздік есеп" номинациясы бойынша марапаттарға ие болды:

- лауреат ретінде – "ҚазМұнайГаз" Ұлттық компаниясы" АҚ
- жүлдегерлер ретінде – "Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В." және "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" АҚ.

"Нақты сектор компаниялары арасында 2023 жылдың үздік жылдық есебі" номинациясы бойынша марапатталды:

- лауреат ретінде – "Kazakhmys Copper" АҚ (Қазақмыс Коппер);
- жүлдегер ретінде – "Орталық Азия электр энергетикалық корпорациясы" АҚ

"Листингтік емес компанияның 2023 жылғы үздік жылдық есебі" номинациясы бойынша марапатталды:

- лауреат ретінде – "Қазпошта" АҚ;
- жүлдегерлер ретінде – "Тау-Кен Самұрық" ҰМК" АҚ және "Samruk-Kazyna Construction" АҚ.

БАҚ өкілдері

Қазақстандық БАҚ 2024 жылы Қазақстанның қор нарығын және KASE қызметін белсенді жариялағаны және материалдарды қолжетімді және қызықты форматта берудегі жоғары кәсібилігі үшін дипломдармен марапатталды. БАҚ арасында "Халықтың қаржылық сауаттылығын арттырғаны үшін" номинациясы бойынша Kaztag.kz үздік атанды.

"Қор нарығын жарыққа шығарудағы ең креативті тәсілі үшін" номинациясында дипломмен Prodengi.kz басылымы белгіленді.

"Қор нарығы туралы ең өзекті материал үшін" номинациясында FINANCEkaz және Bus.media жеңімпаз атанды.

"Қор нарығын ең кәсіби жария еткені үшін" номинациясы бойынша Forbes.kz, Kursiv.kz және Kapital.kz басылымдары дипломдармен марапатталды.

"Мемлекеттік тілде қор нарығын жариялағаны үшін" номинациясы бойынша Egemen.qazaqstan және Baq.kz жеңімпаз атанды.

Номинациялар бойынша жеңімпаздар KASE интернет-сайтында KASE ережелері бөлімінде жарияланған "Қазақстан қор биржасы" АҚ мүшелерін жыл сайын марапаттау ережелері", "Листингтік компанияларды жыл сайын марапаттау ережелері", "Бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерін жыл сайын марапаттау ережелері" және "Жылдық есептер конкурсын өткізу шарттары" атты KASE ішкі құжаттарына сәйкес танылды.